


- Физиологиялық әрекеттермен байланысты мінез-құлық бұзылулары

- Орындаған: Оралханова Е.М. 543 топ ЖМ
- Тексерген: Бураханова Г.К.

- Физиологиялық әрекеттермен байланысты мінез-құлық бұзылыстарына: ас қабылдаудың бұзылыстары, ұйқы бұзылыстары, сексуальды қызметтер бұзылыстары және т.б. жатады.




## АС ҚАБЫЛДАУДЫҢ БҰЗЫЛУЛАРЫ

- Ас қабылдаудың бұзылулары әр түрлі аурулардың көрінісі болуы мүмкін. Тәбеттің кенет төмендеуі (сирек кезде шамадан көп қабылдау) депрессивті синдромға тән. Сонымен қатар тәбет көптеген невроздар кезінде де төмендейді. Кататоникалық синдром кезінде ас қабылдаудан бас тарту орын алады. Көп жағдайда ас қабылдау бұзылыстары психиатриялық аурулардың басты және негізгі көрінісі болып есептеледі.

# ЖҮЙКЕЛІК АНОРЕКСИЯ

- Жүйкелік анорексия синдромы көбіне пубертатты және жасөспірім жастағы қыз балаларда жиі кездеседі (арықтау мақсатында). Бұндай науқастарға өзінің дене бітіміне деген көңіл толмаушылық тән (дисморфомания-дисморфофобия).



# БУЛИМИЯ

- Булимия-бақылаусыз және жылдам көп мөлшерде асты қабылдау. Бір уақытта жүйкелік анорексиямен де семіздікпен де қатар жүруі мүмкін. Жиі әйелдерде кездеседі. Әр булимиялық эпизодтар өзіне деген өзін кінәлаумен, жек көру сезімдерімен ұштасып өтеді. Науқас асқазанын босатам дег құсу шақырады, диуретиктер, іш айдайтын дәрі-дәрмектер қабылдайды. Жүйкелік анорексия мен булимия кей жағдайларда прогредиентті психикалық аурудың (шизофрения) инициальды көрінісі болып табылады.





# ҰЙҚЫ БҰЗЫЛУЛАРЫ

- Ұйқы бұзылулары-әр түрлі психикалық және соматикалық аурулар кезінде ең жиі айтылатын шағымдардың бірі.
- Ұйқысыздық-ұйқы бұзылыстарының ең жиі кездесетін жағдайы. Бұл жағдайда тек ұйқы ұзақтығының азаюы ғана емес, сапасының өзгерісі, ұйқы қанбау сезімінің туындауы орын алады. Ұйқысыздық симптомы себебіне қарай әртүрлі көрінуі мүмкін.



- Неврозы бар науқастарда ұйқысыздық бірінші ретте ауыр психотравмалық жағдаймен байланысты болады. Науқастар төсекте жатып ұзақ уақыт бойы мазалайтын деректерді ойлап, шиеленісті жағдайдан шығар жолды іздеп жатуы мүмкін. Астеникалық синдромда, гиперестезия мен мазасыздықтың фонында науқастар әр түрлі шуларға өте сезімтал болып, ұйықтай алмай оянып кете береді. Депрессиямен ауыратын науқастарда ұйқыға кету қиыншылығымен қатар ерте ояну, ұйқы сезімінің жоқтығы болады. Ұйқысыздық кез келген жедел психоздың ерте симптомы болып табылады.

# СЕКСУАЛЬДЫ ҚЫЗМЕТТЕР БҰЗЫЛУЛАРЫ

- Бұзылыстардың нұсқалары: сексуальды күштарлықтың төмендеуі немесе артуы, жеткіліксіз қозу сезімі (ер адамдарда импотенция, әйелдерде - фригидтілік), оргазм бұзылыстары (аноргазмия, ерте немесе кешіктірілген эякуляция) және т.б. Сексуальды дисфункцияның жиі себептеріне психологиялық факторлар қорқынышқа, мазасыздыққа тұлғалық бейім болу, тұрақты серігінің болмауы, еріксіз ұзақ уақытты сексуальды қатынастан бас тарту, қатал тәрбие және т.б. жатады.



- Сирек жағдайда сексуальды дисфункцияның себебі болып ауыр психикалық бұзылыстар табылады: депрессия, паркинсонизм, эпилепсия т.б.
- Психопаттардың қатарына жыныстық ауытқулары бар адамдар да жатады, бірақ мұндай өзгерістер шизофрениямен, эпилепсиямен ауыратын науқатарда да кездеседі.

# ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН ЖЫНЫСТЫҚ АУЫТҚУЛАР

- **Аутоэротизм**-өзінің денесіне ғашық болу, өз-өзіне қызығу, сексуальды инстинктің өзіне бағытталуы.
- **Гомосексуализм**-өз жынысындағы адамдарға құмарту(педарастия, әйелдерде-лесбианизм).
- **Зоофилия**-жануарларға құмарту.
- **Садизм**-жыныстық қатынастың орнын басатын немесе осымен бірге жүретін, парнерін қинап, зорлап, кейде өлім жағдайына дейін жеткізеді. Осыған қанағаттанатын ауру. Кейде күш орнына сөзбен балағаттап, ренжітіп моральдық садизм кездесіп тұрады.

- **Мазохизм**-садизмге қарама-қарсы, өзін-өзі қинағанда ғана құмары қанады.
- **Педофилия**-жас балаларға жыныстық құмарту.
- **Геронтофилия**-ересек адамдарға жыныстық құмарту.
- **Фетишизм**-еркектердің әйел дүнесіне құмартуы. Әсіресе аяқ киіміне.

- **Эксбионицизм**-жыныс мүшелерін ашық көрсетуге құмарту.
- **Вуайеризм**-басқа адамдардың жыныстық өміріне жасырын қарауға ынтығу.
- **Цигмалионизм**-мақалаларға жыныстық құмарту.
- **Некрофиля**-өлі денелерге жынысты құмарту.

- *Сексуальдық өзгерістердің соттық-психиатриялық маңызы зор. Мысалы: зоофилия заңмен қудаланады. Садизм мен мазохизм қан төгіске әкелуі мүмкін, педофилия жасөспірімдерді бұзады. Некрофилия мәйіттерді әшкерелейді*

# ЕМІ

- Антидепрессанттар
- Транквилизаторлар
- Кешенді психотерапия
- Психоанализ
- Когнитивті терапия
- Мінез-құлықтық терапия